

№ исх: 13-7-12/385 от: 22.02.2017

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

2017 жылғы 22 ақпандағы №13-7-12/385



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі  
«Ақ Жол» фракциясының  
Төрағасы  
А.Т. Перуашевқа

010000, Астана қ., Парламент  
Мәжілісінің үйі  
тел.: 8 (7172) 74-61-60, 74-64-58

### Құрметті Азат Тұрлыбекұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржылық қызметтерді «Қазинвестбанк» АҚ бойынша 2017 жылғы 20 қаңтардағы № ДЗ-14 өтінішке төмендегіні хабарлайды.

#### 1-мәселе бойынша

Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде 180 млрд. теңгеден аса сомадағы қаражатты сыртқа шығару туралы ақпарат **шындыққа жанаспайды**. Ірі депозиторлардың қаражатты әкетуі Ұлттық Банк лицензияны тоқтата тұру туралы шешім қабылдағанға дейін болды.

2016 жылғы 1 қазанда бес ірі депозитордың депозиттерінің сомасы 182,4 млрд. теңгені немесе Қазинвестбанктің барлық міндеттемелерінің 59,4%-н құрады. 2016 жылғы 1 қарашадағы (лицензияның қолданылуын тоқтата тұру қарсаңында) жағдай бойынша бұл сома 54,4 млрд. теңгені немесе барлық міндеттемелердің 28,7%-н құрады. **Банктен қаражатты әкетудің жалпы көлемі лицензияны тоқтата тұрғанға дейін 128 млрд. теңгені немесе 70%-ды құрады.**

Ірі депозиторлар кеткеннен кейін Қазинвестбанктің акционерлерінде ахуалды тұрақтандыру үшін кететін активтердің орнын толтыру үшін уақыты болды. **Іс жүзінде акционерлер тарапынан ешқандай қаражатты салу жүзеге асырылған жоқ.** Лицензияны қолдану тоқтатыла тұрғаннан кейін клиенттер қаражатының әкетілуі жалғасты және Банктің лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған сәтке дейін 45,2 млрд. теңгені құрады.

Нәтижесінде 2016 жылғы қазан – желтоқсан аралығындағы кезеңде депозиторлар қаражатының жалпы әкетілуі 173,2 млрд. теңгені құрады, бұл

Қазинвестбанктің шамамен 138 млрд. теңге сомадағы міндеттемелерімен салыстырғанда Банктің өтімділігі жоғары активтерінің 0,7 млрд.теңгеге дейін төмендеуіне алып келді.

### **2-мәселе бойынша**

Қазинвестбанктің акционерлері ауысқаннан кейін 2016 жылғы бірінші тоқсанда несие портфелінің айтарлықтай өсуі байқалды. 2016 жылғы наурыз – қазан аралығындағы қысқа уақыт аралығында Қазинвестбанк **шамамен 114 млрд. теңге сомаға жаңа қарыздар берді, бұл несие портфелінің екі еседен астам ұлғаюына алып келді.**

Бұл ретте **жаңа несие портфелінің сапасы төмен болды.** Іс жүзінде барлық жаңа қарыз (**105 млрд. теңге**) болашақта түсетін ақша кепілімен берілді. Осындай қарыздардың Банктің барлық қарызының 80%-нан асып кетуін уақытша әкімшілік 2016 жылғы 28 желтоқсанда растады.

**Қысқа уақыт аралығында сапалы емес қарыздар беру есебінен несие портфелінің айтарлықтай ұлғаюы іс жүзінде Банкті банкроттыққа әкелді.**

Осындай қарыздар үшін заңнамалық тұрғыдан белгіленген шекті өлшем жоқ, бірақ кез келген жағдайда, Қазинвестбанкпен болған жағдайдағыдай осындай қарыздардың үлесі несие портфелінің шамамен 80%-ын құрайды, бұл жекелеген банктердің және тұтастай алғанда банк секторының тұрақтылығына жауап беретін реттеушінің қауіптенуін туғызады.

Сенімді емес кепілмен берілген қарыздардың жоғары үлесі бар банктерге қатысты Ұлттық Банк тарапынан ықпал ету шараларын қабылдау мәселесі қарыз алушылардың кредиттік қабілетінен басқа, көптеген басқа факторларға, оның ішінде несие портфелін провизиялау дәрежесіне, капитал қорының болуына, акционерлердің қаржылық мүмкіндіктеріне және т.б. байланысты.

Басқа банктердегі көрсеткішке қатысты, сондай-ақ банктердің несие портфелінің сапасына әсер ететін басқа да жоғарыда көрсетілген факторлар сияқты ахуал әр түрлі.

Тұтастай алғанда банктердің несие портфелімен, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етумен нақты ахуал мұқият қадағаланады және Ұлттық Банктің бақылауында.

### **3-мәселе бойынша**

Қазинвестбанктің проблемалық кредиттерінің үлесі лицензияны тоқтата тұрған сәтте 4,11%-ды құрады. Банк бұл көрсеткішті қарыздарды қайта құрылымдау және қайта қаржыландыру арқылы жасанды түрде төмендетті. Қайта құрылымдалған және қайта қаржыландырылған қарыздарды ескере отырып **Банктің проблемалық қарыздарының әлеуетті үлесі 56% болды.**

Клиенттердің төлем талаптарын жүйелі түрде орындамау Қазинвестбанктің лицензиясын кері қайтарып алудың себебі болды. Мәселен, лицензиядан айырған сәтте (2016 жылғы 26 желтоқсанда) Қазинвестбанк төлем жасауға қабілетсіз болды және клиенттердің міндеттемелерін 2016 жылғы 20

желтоқсаннан бастап орындаған жоқ. Қойылған талаптар 20 млрд. теңгеден асқан кезде Банктің шоттарындағы қаражаттың қалдығы 0,7 млрд. теңге болды. Банкті лицензиядан айырған күнгі жағдай бойынша клиенттердің 1000-нан астам төлем тапсырмалары орындалған жоқ.

#### **4-мәселе бойынша**

Қомақты активтері, клиенттік базасы бар өзін көрсеткен ірі компанияларға келешектегі түсімдеріне қарыздарды ұсыну қаржыландыру құралдарының бірі болып табылады.

Соған қарамастан, Банкке қатысты жағдайда, қарыз алушылар ретінде сенімді рейтингі, жақсы беделі, тұрақты табысы және кредиттік тарихы бар ірі компаниялар емес, **ұзақ уақыт бойы белсенді қызмет етпеген, кредитті төлеудің жоғары мүмкіндігі жоқ, меншікті капиталы/айналымдары алынған қарыз мөлшерінен елеулі түрде аз компаниялар болды.** Бұл ретте 2017 жылғы 1 қаңтарда аталған қарыздардың 63%-ы бойынша мерзімі өткізілді не шарттың аяқталу күнін ұзарту фактісі орын алған, **бұл Банктің несие портфелінің сапасы төмен болу фактісін растайды.**

#### **5-мәселе бойынша**

Қазинвестбанктің шоттарында зейнетақы жинақтарын орналастыру ҚР Үкіметінің екінші деңгейдегі банктер арқылы айналым капиталында ШОБ қажеттілігін негізделген қаржыландыру және қарыздарды қайта қаржыландыру үшін 200 млрд. теңгені орналастыру туралы 2016 жылғы 10 ақпандағы қаулысын орындау шеңберінде жүзеге асырылды.

Банктер арасында аталған қаражатты транспарентті түрде және тең бөлу мақсатында инвестициялау бұрын орналастырылған зейнетақы қаражатының белгіленген лимиттен аспауы талабымен **кредиттік рейтингі бар барлық банктерге** жүзеге асырылды.

2016 жылғы сәуірде 2,9 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтері жылдық 15,6% кірістілікпен Банктің негізделген депозитіне инвестицияланды. Зейнетақы активтерін инвестициялау сәтінде Қазинвестбанк қойылған талаптарға сәйкес келді, оның ішінде белгіленген пруденциялық нормативтерді сақтады және Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «В-» деңгейіндегі кредиттік рейтингі болды.

*Анықтама үшін:* 2016 жылы жоғарыда көрсетілген бағыт бойынша зейнетақы активтері 15 банктің негізделген депозиттеріне жылдық орташа алынған кірістілігі 15,5%-бен 112,8 млрд. теңге сомаға инвестицияланды. Банктер алынған қаражатты «Бизнестің жол картасы 2020» сияқты бағдарламалар шеңберіндегі шағын және орта бизнесті кредиттеуге жібереді.

*Инвестицияланған зейнетақы активтерін банктердің игеруі және орынды пайдалануы мониторингін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жүзеге асырады.*

БЖЗҚ көрсетілген инвестицияларының қайтарымына қатысты қазіргі таңда Банктің уақытша әкімшілігі Ұлттық Банктің келісімімен P&A

(Банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке беру) операциясын жүргізу туралы шешім қабылдағанын хабарлаймыз.

**6-мәселе бойынша**

Ұлттық Банк Басқармасы лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдаған кезден бастап Банкті Ұлттық Банктің уақытша әкімшілігі басқарады. Банктің бұрынғы басшылығы өзінің қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілді. Уақытша әкімшілік жұмысының нәтижелері бойынша қорытынды жасалып, қажет болған кезде тиісті шаралар қабылданатын болады.

**Төраға**

**Д. Ақышев**

№ исх: 13-7-12/385 от: 22.02.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**№13-7-12/385 от 22 февраля 2017 года**

**Председателю фракции  
«Ак Жол»  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Перуашеву А.Т.**

*010000, г. Астана, Дом Мажилиса  
Парламента  
тел.: 8 (7172) 74-61-60, 74-64-58*

**Уважаемый Азат Турлыбекулы!**

Национальный Банк Республики Казахстан в ответ на №ДЗ-14 от 20 января 2017 года по АО «Казинвестбанк» сообщает следующее.

### **По вопросу 1**

Информация о выводе средств на сумму более 180 млрд. тенге в период приостановления действия лицензии **не соответствует действительности**. Отток средств крупных депозиторов произошел до принятия Национальным Банком решения о приостановлении лицензии.

На 1 октября 2016 года сумма депозитов пяти крупнейших депозиторов составляла 182,4 млрд. тенге или 59,4% от всех обязательств Казинвестбанка. По состоянию на 1 ноября 2016 года (накануне приостановления действия лицензии) данная сумма составила 54,4 млрд. тенге или 28,7% от всех обязательств. **Общий объем оттока средств из банка до приостановления лицензии составил 128 млрд. тенге или 70%.**

После оттока крупных депозиторов у акционеров Казинвестбанка было время для замещения уходящих активов для стабилизации ситуации. Фактически, никаких вливаний средств со стороны акционеров осуществлено не было. После приостановления лицензии отток средств клиентов продолжился и составил к моменту принятия решения о лишении лицензии 45,2 млрд. тенге.

В результате за период с октября по декабрь 2016 года общий отток средств депозиторов составил 173,2 млрд.тенге, что привело к снижению

высоколиквидных активов Казинвестбанка до 0,7 млрд. тенге против обязательств на сумму 138 млрд.тенге.

### **По вопросу 2**

После смены акционеров Казинвестбанка в первом квартале 2016 года наблюдался значительный прирост ссудного портфеля. За короткий промежуток времени с марта по октябрь 2016 года Казинвестбанком **было выдано новых займов на сумму 114 млрд.тенге, что привело к более чем двукратному увеличению ссудного портфеля.**

При этом **качество нового ссудного портфеля было низким.** Практически все новые займы (**105 млрд.тенге**) были выданы под залог денег, поступающих в будущем. Факт превышения таких займов более 80% от всех займов был подтвержден временной администрацией 28 декабря 2016 года.

**Значительное увеличение ссудного портфеля за короткий промежуток времени за счет выдачи некачественных займов фактически привел к банкротству Казинвестбанка.**

Законодательно установленных предельных параметров для таких займов не существует, но в любом случае, когда доля таких займов составляет порядка 80% от ссудного портфеля, как это было в случае с Казинвестбанком, это будет вызывать опасения регулятора, отвечающего за стабильность отдельных банков и банковского сектора в целом.

Вопрос принятия мер воздействия со стороны Национального Банка в отношении банков, имеющих высокую долю займов, выданных под нетвердые залого, помимо кредитоспособности самих заемщиков, зависит от множества других факторов, в том числе степени провизирования ссудного портфеля, наличия запаса капитала, финансовых возможностей акционеров, и т.д.

В отношении показателя других банков, то ситуация различна, также как и другие вышеуказанные факторы, влияющие на качество ссудного портфеля банков.

В целом реальная ситуация со ссудным портфелем банков, в том числе залоговым обеспечением тщательно отслеживается и находится под контролем Национального Банка.

### **По вопросу 3**

Доля проблемных кредитов Казинвестбанка на момент приостановления действия лицензии составляла 4,11%. Этот показатель искусственно занижался Банком посредством реструктуризации и рефинансирования займов. С учетом реструктурированных и рефинансированных займов **потенциальная доля проблемных займов Банка составляла 56%.**

Причиной отзыва лицензии Казинвестбанка явилось систематическое неисполнение платежных требований клиентов. Так, на момент лишения лицензии (26 декабря 2016 года) Казинвестбанка был неплатежеспособен и не исполнял обязательства клиентов уже с 20 декабря 2016 года. Остатки средств

на счетах Банка составили 0,7 млрд. тенге, при выставленных требованиях свыше 20 млрд. тенге. На дату лишения лицензии Банком было не исполнено свыше 1000 платежных поручений клиентов.

#### **По вопросу 4**

Предоставление займов под будущие поступления крупных, зарекомендовавших себя компаний, имеющих значительные активы, клиентскую базу может являться одним из инструментов финансирования.

Тем не менее, в случае с Банком, в качестве заемщиков выступают не крупные компании с надежным рейтингом, хорошей репутацией, стабильными доходами и кредитной историей, **а компании без активной, длительной деятельности, без высокой кредитоспособности, собственные капитал/обороты которых значительно меньше, размера полученных займов.** К 1 января 2017 года по 63% из указанных займов была допущена просрочка, либо были факты пролонгации даты окончания договора, **что подтверждает факты низкого качества ссудного портфеля.**

#### **По вопросу 5**

Размещение пенсионных накоплений на счетах Казинвестбанка осуществлялось в рамках исполнения постановления Правительства РК 10 февраля 2016 года о размещении 200 млрд. тенге через банки второго уровня для обусловленного финансирования потребности МСБ в оборотном капитале и рефинансирования займов.

С целью транспарентного и равноправного распределения среди банков указанных средств инвестирование осуществлялось **во все банки, имеющие кредитный рейтинг**, при условии, что размер ранее размещенных пенсионных средств не превышает установленный лимит.

В апреле 2016 года пенсионные активы в размере 2,9 млрд. тенге инвестированы в обусловленный депозит Банка с доходностью 15,6% годовых. На момент инвестирования пенсионных активов Казинвестбанк соответствовал предъявляемым требованиям, в том числе соблюдал установленные пруденциальные нормативы и имел кредитный рейтинг по международной шкале агентства Standard&Poog's на уровне «В-».

*Справочно: В 2016 году по вышеуказанному направлению пенсионные активы инвестированы в обусловленные депозиты 15 банков на сумму 112,8 млрд. тенге со средневзвешенной доходностью 15,5% годовых. Полученные средства банки направляют на кредитование малого и среднего бизнеса в рамках таких программ, как «Дорожная карта бизнеса 2020».*

*Мониторинг освоения и целевого использования банками инвестированных пенсионных активов осуществляет АО «Фонд развития предпринимательства «Даму».*

Относительно возвратности указанных инвестиций ЕНПФ сообщаем, что в настоящее время временной администрацией Банка, с согласия Национального Банка принято решение о проведении операции Р&А (передача активов и обязательств другому банку).

**По вопросу 6**

С момента принятия Правлением Национального Банка решения о лишении банковской лицензии управление Банком осуществляется временной администрацией Национального Банка. Прежнее руководство Банка отстранено от выполнения своих служебных обязанностей. По результатам работы временной администрации будут сделаны выводы, и при необходимости будут приняты соответствующие меры.

**Председатель****Д. Акишев**

*исп.: Токсеитова Ш.Т., тел. 2704-893*